

# Абай ақиқат

Аудандық қоғамдық-саяси газет

Газет 1974 жылдың 2 ақпанынан шығады

27 маусым, 2026 жыл №25-26 (4627)

Газета издается со 2 февраля 1974 года

<http://abaiqiat.kz>

[www.facebook.com/abaiqiat](https://www.facebook.com/abaiqiat)

[abai\\_aqiqat.kz](https://www.instagram.com/abai_aqiqat)

[barshin-js@mail.ru](mailto:barshin-js@mail.ru)

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІЛЕР КҮНІ

## Халыққа қызмет – абыройлы міндет

Адам өмірінің қауіпсіздігі мен қоғамның тұрақтылығы – кез келген мемлекеттің басты құндылықтарының бірі. Бұл бағытта мемлекеттік қызметшілер мен құқық қорғау органдары қызметкерлерінің еңбегі айрықша маңызға ие. Олар күн сайын халықпен тығыз байланыста болып, тұрғындардың өтініштері мен мәселелерін шешуге, ел игілігі жолындағы міндеттерді орындауға өз үлестерін қосып келеді.

23 маусым – Қазақстанда екі маңызды кәсіби мереке қатар аталып өтетін ерекше күн. Бұл – Мемлекеттік қызметші күні және Қазақстан полициясы күні. Осы айтулы датаға орай Абай ауданында аудан әкімі мен мемлекеттік қызметшілер, полиция қызметкерлерінің қатысуымен салтанатты кездесу ұйымдастырылды.

Кездесуде аудан әкімі Сәбит Оспанов әріптестерін кәсіби мерекелерімен құттықтап, мемлекеттік қызмет пен құқық қорғау саласының қоғамдағы ролін атап өтті.

– Мемлекеттік қызмет пен полиция саласын ортақ мақсат біріктіреді. Ол – халыққа қызмет ету, азаматтардың қауіпсіздігін



қамтамасыз ету және ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуына үлес қосу. Бұл салаларда үлкен жауапкершілік пен адалдықты талап ететін күрделі міндеттер атқарылады. Бүгінгі таңда сіздердің еңбектеріңіздің арқасында көптеген маңызды жұмыстар жүзеге асырылып келеді, – деді аудан әкімі Сәбит

Темешұлы.

Мемлекеттік қызмет – тек міндеттер мен өкілеттіктер жиынтығы емес, ең алдымен халық алдындағы үлкен жауапкершілік. Қазіргі таңда тұрғындар мемлекеттік органдардан ашықтықты, жеделдікті және нақты нәтижені күтеді. Сондықтан әрбір қызметкердің

кәсібилігі, бастамашылдығы мен адаммен дұрыс қарым-қатынас орнату білуі аса маңызды.

Ал полиция қызметкерлерінің еңбегі – қоғамдық тәртіпті сақтау, азаматтардың тыныштығы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету,

құқық бұзушылықтардың алдын

алу сияқты маңызды бағыттарды қамтиды. Аудан тұрғындарының қауіпсіздігі жолында күн сайын қызмет атқарып жүрген тәртіп сақшыларының еңбегі зор құрметке лайық.

Кездесу барысында ауданның дамуына елеулі үлес қосып жүрген бірқатар мемлекеттік қызметшілер мен полиция қызметкерлеріне марапаттар табысталды.

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Қарағанды облысы бойынша департаменті басшысының, Әдеп кеңесі төрағасының алғыс хатымен мемлекеттік қызмет саласындағы жоғары жауапкершілігі мен кәсіби біліктілігі үшін ұйымдастыру жұмысы және наградалар бөлімінің басшысы Сапарова Саягүл Нөгербекқызы және мемлекеттік-құқықтық бөлімінің басшысы Құсайынова Меруерт Шектыбайқызы марапатталды.

Ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуына қосқан үлесі үшін және кәсіби мерекесінде Абай ауданы әкімінің Құрмет грамотасы мен Алғыс хаттарына мемлекеттік қызметшілер мен полиция қызметкерлері ие болды.

Марапат иелері қатарында аудандық полиция

басқармасының қызметкерлері, ауылдық округ әкімдіктерінің мамандары, аудан әкімдігі бөлімдерінің қызметкерлері бар.

Салтанатты шарада марапатталған азаматтарға ізгі тілектер айтылып, олардың еңбегі ел игілігіне бағытталған маңызды қызмет екені атап өтілді.

Кездесу барысында сөз алғандар әріптестеріне мықты денсаулық, отбасыларына амандық, қызметтеріне табыс тіледі.

– Әрбір шешімнің артында адам тағдыры, әрбір атқарылған жұмыстың артында елге деген жауапкершілік жатыр. Сондықтан мемлекеттік қызметшілер мен полиция қызметкерлерінің еңбегі әрдайым құрметке лайық, – деген жылы лебіздер айтылды.

Мерекелік жиын әнмен жалғасып, қатысушылар естелік суретке түсті.

Халыққа қызмет ету – үлкен сенім мен зор жауапкершілікті талап ететін абыройлы міндет. Осы жолда еңбек етіп жүрген Абай ауданының мемлекеттік қызметшілері мен полиция қызметкерлеріне кәсіби мерекелері құтты болсын!

Баршын ЕРТИСҚЫЗЫ

ҚЫЗМЕТ ПЕН ПАРЫЗ

## Ел тыныштығының күзетіндегі қасиетті қызмет

Ел тыныштығын сақтау, азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, заң мен тәртіптің салтанат құруына үлес қосу – үлкен жауапкершілік пен биік парасатты талап ететін қасиетті міндет. Осындай абыройлы жолды таңдаған жандардың еңбегі әрдайым құрметке лайық.

Жақында Абай қаласындағы саябақ алаңында Қазақстан Республикасы Ішкі істер органдарының құрылғанына 34 жыл толуына арналған салтанатты мерекелік шара өтті. Бұл күні ел қауіпсіздігі жолында қызмет етіп жүрген полиция қызметкерлері мен ішкі істер органдарының ардагерлеріне ерекше құрмет көрсетілді.

Мерекелік жиын патриоттық әндермен басталып, сахна төріне Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туы көтерілді. Мемлекеттік Әнұран орындалып, қатысушылар Отанға деген мақтанш пен жауапкершілік сезімін тағы бір мәрте сезінді.

Қазақстан полициясы күні – тек кәсіби мереке ғана емес, бұл – қоғам тыныштығын күзетіп жүрген ер азаматтарға деген халықтың алғысын білдіретін ерекше күн.

Полиция қызметкері – күнделікті өмірде көзге көрінбейтін, алайда ел қауіпсіздігі үшін аса маңызды міндет атқаратын мамандық иесі. Оның қызметі батылдықты, сабырлықты, төзімділікті және Отанға деген шексіз адалдықты талап етеді.

Абай ауданы полиция басқармасының қызметкерлері де осы жауапты жолда абыройлы еңбек етіп келеді. Олар қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етіп, тұрғындардың қауіпсіздігін қорғап, құқық бұзушылықтардың алдын алу бағытында қажырлы қызмет атқаруда.

Ардагерлер – онегелі жолдың жалғастырушылары

Салтанатты шара барысында ішкі істер органдарының ардагерлеріне ерекше құрмет көрсетілді.

Бірнеше жылдар бойы аудан тыныштығын күзетіп, заң мен тәртіпті



нығайту жолында қызмет еткен ардагерлер – кейінгі буынға үлгі боларлық тұлғалар.

Олардың әрқайсысының еңбек жолында елге деген адалдық, қызметтік борышқа беріктік және азаматтарға деген жанашырлық жатыр.

Ардагерлердің өмір жолы – полиция қызметінің тарихы ғана емес, ол – Отанға қызмет етудің, антқа адал болудың жарқын үлгісі.

Бүгінде олардың тәжірибесі мен тағылымы жас қызметкерлер үшін үлкен мектеп болып табылады.

Полиция қызметкері – халық қорғаушысы

Ішкі істер органдарындағы қызмет – жай ғана мамандық емес. Бұл – үлкен жүректі, батыл мінезді, жауапкершілігі жоғары азаматтардың таңдауы.

Полиция қызметкері кез келген жағдайда халықтың жанынан табылып, қиын сәттерде көмек көрсетеді. Ол заң талаптарын сақтаудың кепілі, қоғамдық тұрақтылықтың сақшысы.

Абай ауданы полиция басқармасының қызметкерлері де өз міндеттерін кәсіби деңгейде атқарып, аудан тұрғындарының сеніміне ие болып келеді.

Мерекелік шарада қызметтік мін-

деттерін мінсіз орындап, жоғары нәтижелер көрсеткен полиция қызметкерлері марапаттарға ие болды.

Бұл марапаттар – олардың күнделікті еңбегіне берілген әділ баға, халық алдындағы қызметіне көрсетілген құрмет.

Тәрбие бастауы – отбасыдан

Шара барысында полиция қызметкерлерінің ата-аналарына да ерекше алғыс айтылды.

Өйткені әрбір азаматтың қалыптасуында отбасының тәрбиесі үлкен рөл атқарады. Баласын адалдыққа, жауапкершілікке, елге қызмет етуге тәрбиелеген ата-ана – қоғам алдындағы үлкен міндетті атқарып жүрген жандар.

Полиция қызметкерінің артында әрдайым оның жанынан табылатын отбасы, ата-анасының батасы мен жақындарының қолдауы тұрады.

Сондықтан ел тыныштығын қорғап жүрген азаматтарды тәрбиелеп өсірген ата-аналарға білдірілген алғыс – ерекше құрметтің белгісі.

Ерлік ұмытылмайды

Мерекелік шарада қызметтік міндетін орындау кезінде қаза болған полиция қызметкерлерін еске алу рәсімі өтті. Олар өз өмірлерін Отан алдындағы

борышына арнап, халық қауіпсіздігі жолында ерлік көрсетті.

Қызметтік антқа адал болып, соңғы деміне дейін ел тыныштығын қорғаған азаматтардың есімі халық жадында мәңгі сақталады.

Бір минут үнісіздік жарияланып, ерлікпен қаза тапқан қызметкерлер рухына тағзым жасалды.

Олардың ерлігі – кейінгі ұрпаққа үлгі, елге қызмет етудің биік өлшемі.

Сенім мен абырой жолы

Қазақстан полициясы – тәуелсіз еліміздің тұрақтылығы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ететін маңызды құрылымдардың бірі.

Полиция қызметкерлерінің еңбегі – бейбіт өміріміздің кепілі. Олардың күнделікті қызметі арқылы қоғамда тәртіп орнап, азаматтардың қауіпсіздігі қамтамасыз етіледі.

Абай ауданы полиция басқармасының ұжымына ел игілігі жолындағы еңбектеріне табыс, қызметтеріне абырой, отбасыларына амандық тілейміз.

Еліміз тыныш, халқымыз аман, тәуелсіздігіміз тұғырлы болсын!

Меруерт БАЛКЕЕВА

## Абай ақиқат БАСПАСӨЗ – 2026

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

Абай аудандық «Абай ақиқат» газетіне жазылу науқаны жалғасуда. Газетке жазылуды «Қазпошта» АҚ пошта байланысының барлық бөлімшелерінде, сондай-ақ 87755483523 whatsapp бойынша рәсімдеуге болады.

Индекс	Санаттар	Жазылу бағасы
65625	Жеке жазылушылар үшін	3435.20 тт
15625	Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін	4215.20 тт

Анықтама телефоны: 8-775-548-3523

УВАЖАЕМЫЕ ЧИТАТЕЛИ!

Продолжается подписная компания на Абайскую районную газету «Абай ақиқат». Подписку на газету можно оформить во всех отделениях почтовой связи АО «Казпочта», а также по whatsapp 87755483523.

Индекс	Категории	Подписная цена
65625	Для индивидуальных подписчиков	3435.20 тт
15625	Для предприятий и организаций	4215.20 тт

Телефон для справок: 8 775 548 35 23

АНА ТІЛІМ

# Мемлекеттік тілдің мәртебесі

Тіл – мемлекеттің тұғырлы тірегі, халықтың рухани байлығы, өткені мен болашағының айқын көрінісі. Ана тілінің қадір-қасиетін біле білген халқымыз оны ұлттың рухына, қазына байлығына байлайды. Себебі тіл – халықтың жаны, сәні, тұтастай кескін-келбеті, ұлттық болмысы. Адамды мұратқа жеткізетін – ана тілі мен ата дәстүрі. Біздің осындай халықтық қасиетті мұрамыз, ана тіліміз – қазақ тілі.

Тіл – тәуелсіздіктің айғағы. Тіл мен егемендік – егіз ұғым. Тілсіз – тәуелсіздік, егемендіксіз тіл болмақ емес. Тіл – тәуелсіздіктің қуатты тірегі, бірлік пен ынтымақтың жығылмас туы.

Қазақ елі тәуелсіз мемлекет болып орнағалы ширек ғасырға таяу уақыт болды. Мемлекеттік тілі – қазақ тілі деп жарияланды. «Қазақтың болашағы – қазақ тілінде», – деп бекер айтылмаса керек. Бізге тек осы ұстанымды жүзеге асыруға бар күш-жігерімізді аямай, еңбек ету ғана қалды.

Тәуелсіз Қазақстанның болашағы – біз, яғни қазақ жастары. Демек, біздің міндетіміз – қазақ тілінің мәртебесін асыру болмақ. Шынында да, «Қазақ пен қазақ қазакша сөйлессін», – деген ұлағатты сөздің мағынасы зор.

Тәуелсіздік алғалы бері тіл саясаты жүргізілуде. Мемлекеттік тілдің қолданылу аясын кеңейту мен тілге деген құрметті арттыру мақсатында көптеген мемлекеттік бағдарламалар мен іс-шаралар ұйымдастырылуда. Нәтижелері де аз емес.

Алайда жастар арасында, кейбір мекемелерде қазақ тілінің жайы ақсап тұр. Соны көріп, жүрегің қан жылайды. Бір жағынан, әлі күнге дейін орыс тілінің ырқынан шыға алмай жүргендігімізден болар.

Рас, қазақ халқының басында талай қиын нәубет, зұлмат, қайғылы күндердің болғаны тарихтан белгілі. Еліміз жетпіс жылдай Кеңес Одағының қарамағында болды. Ата-аналарымыз орыс тілін ұлықтады. Қазақ халқы өзінің тілін, ділін, тіпті салт-дәстүрін ұмытардай халге жетті.

Дегенмен, «Сабақты ине сәтімен» деген. Еліміз сан ғасыр аңсаған тәуелсіздікке қол жет-

кізді. Тіліміздің түп тамырымен жойылып кетпегеніне шүкіршілік етуіміз керек тәрізді.

Ана тілі – ананың ақ сүтімен әр қазақ баласының бойына сіңген тіл емес пе еді? Ана тіліміз арқылы ғана біз халқымызды, Отанымызды танып білеміз.

Әр адамның азаматтық қасиеті – өз халқын, өзінің атамекенін қалай сүйімен, өз ана тілін қалай білуімен өлшенбек. Өркімнің тілге деген құрметін өз анасына, өз ұлтына, өз Отанына деген құрметінен білуге болады.

Өз ана тілін ұмытқан адам – өз халқының өткенінен де, болашағынан да қол үзеді. Осыны қазақ жастары түсінсе екен деймін.

Алайда осыны ескермей, орыс тілінде шүлдірлеп, қазақ тіліндегі әнді тыңдауды қор санап жүрген қазақ жастары қаншама. Кейбір мекемелерге барсаң, орыс тілінде сауатты жазылған сөз қазақ тілінде мүлдем ұйқалсыз аударылып, есіктерінде ілініп тұрады.

Мұны көргендердің бірі езу тартып күледі, енді бірі оған мән бермейді де. Біздің қоғамның басты кемшілігі осы болар, бәлкім.

Бұған жауап ретінде ақын Оразақын Аскардың мына бір өлең жолдарын алар едім: «Ана тілінде ата-баба сыры бар, Аудармадан түпнұсқадай кім ұғар. Өсе келе құстың тілін білсең де, Ана тілсіз оның қандай құны бар».

«Өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте», – дейді Қадыр ақын. Қазіргі қоғам басқа тілді үйренуге еш шек қоймайды. Дегенмен қазақ тілін мемлекеттік тіл дәрежесіне көтеруге әр қазақтың үлесі болса екен дейді.

Жоғарыда айтып кеткендей, қанша жылдан бері атқарушы билігіміз тіл туралы саясатты жүзеге асырып келеді. Жылдан жылға мемлекеттік тілдің қолданылу аясы кеңейіп келеді. Бұл – өте қуантарлық нәтиже.

Алдағы уақытта да мемлекеттік тілдің мәртебесі одан әрі биіктей беруді деген үміттеміз.

А. КАБДОЛЛА,  
Бас маман – сот отырысының хатшысы

ЮНЫЕ КРАЕВЕДЫ

# Экологический десант: как юные читатели прошли по «Краеведческой тропинке»

Лето – время ярких впечатлений, новых открытий и интересных встреч с природой. Именно поэтому для юных читателей Есенгельдинской сельской библиотеки была организована познавательная экскурсия «Краеведческая тропинка», объединившая экологическое просвещение, активный отдых и увлекательные командные игры.



Главной целью мероприятия стало расширение знаний детей о родном крае, воспитание бережного отношения к окружающей среде и формирование экологической культуры. В ходе экологического часа «Береги то, что тебя окружает» ребята вспомнили основные правила поведения на природе и у водоёмов, поговорили о важности сохранения окружающей среды и узнали, как даже небольшие добрые поступки помогают сохранять красоту родной земли.

Особый интерес вызвал конкурс «Экологический сбор». Участникам предстояло проявить внимательность и наблюдательность, собирая природные материалы по заданным признакам: листья определённой формы и цвета, палочки нужной длины, камешки заданного размера. Выполняя задания, дети учились замечать многообразие окружающего мира и бережно относиться к природным богатствам.

Настоящий заряд положительных эмоций подарила подвижная игра «Животные степи». По команде ведущего юные участники превращались в обитателей родного края: ловко прыгали, как зайцы, грациозно изображали птиц и весело повторяли движения животных. Площадка наполнилась смехом, радостью и дружеским азартом.

Не менее увлекательным стал квест на внимательность «Найди предмет». Разделившись на команды, ребята с большим энтузиазмом искали самый гладкий камешек, лист необычной формы, яркий жёлтый цветок и другие природные объекты. Каждое задание требовало не только быстроты, но и умения действовать сообща.

На протяжении всей экскурсии дети демонстрировали активность, смекалку и настоящий командный дух. Все так старались выполнить задания как можно лучше, что в итоге проигравших не оказалось – победила дружба.

Мероприятие прошло в тёплой и доброжелательной атмосфере, подарив участникам яркие впечатления, новые знания и множество положительных эмоций. Такие встречи помогают детям лучше узнавать родной край, воспитывают экологическую ответственность и формируют искреннюю любовь к своей малой родине.

Ведь забота о природе начинается с простых шагов – внимательного взгляда на окружающий мир и желания сохранить его красоту для будущих поколений.

О. УСАЧЁВА,  
библиотекарь села Есенгельды

ЛЕТНИЙ ОТДЫХ ДЕТЕЙ

# Интересный день в летнем лагере села Есенгельды

В рамках работы летнего лагеря в селе Есенгельды прошло увлекательное и познавательное мероприятие для детей. Этот день подарил ребятам множество положительных эмоций, радостных моментов и ярких впечатлений.

В ходе программы для участников была организована познавательная викторина «Кітаптар еліне саяхат» («Путешествие в страну книг»). Ребята с большим интересом принимали участие в конкурсах, отвечали на вопросы, демонстрировали свои знания, эрудицию и любовь к чтению. Активность и любознательность детей сделали мероприятие особенно интересным и насыщенным.

После интеллектуальной части

для детей были проведены спортивные игры, весёлые эстафеты и музыкальные номера. Все это способствовало созданию дружеской атмосферы, укреплению командного духа и хорошему настроению среди участников лагеря.

С приветственным словом к детям обратилась аким Есенгельдинского сельского округа Григорьян А.Л. Она пожелала ребятам хорошо провести летние каникулы, интересно и с пользой отдыхать, быть активными, здоровыми и счастливыми.

Особую радость детям доставил сладкий сюрприз – мороженое, предоставленное индивидуальным предпринимателем Циглер Л.Ф. Это угощение стало приятным завершением мероприятия и вызвало искренние улыбки у всех участников.

Мероприятие прошло в тёплой, доброжелательной атмосфере и оставило у детей самые приятные воспоминания. Подобные встречи помогают сделать летний отдых не только интересным, но и полезным, способствуют развитию творческих способностей, расширению кругозора и укреплению дружеских отношений между детьми.

«Летний лагерь – это прекрасная возможность для детей провести каникулы активно, интересно и с пользой. Выражаем благодарность организаторам и спонсорам за внимание к подрастающему поколению и поддержку детского досуга в нашем округе».

Ольга УСАЧЁВА,  
библиотекарь села Есенгельды

## Тұрғындар назарына!

«СП Жетымшоқы» ЖШС 2026 жылдың 07 шілдесінен бастап «Жетымшоқы кен орнындағы тау-кен жұмыстарын салдарынан жою жоспары» бойынша жария талқылаулар нысанында қоғамдық тыңдаулардың өткізілетінін хабарлайды.

Әсер ету аймағы: Қарағанды облысы, Абай ауданы, Қарабас кенті

Учаскенің географиялық координаттары:

№	Солтүстік ендік	Шығыс бойлық
1	49°35'28,99"	72°59'32,23"
2	49°35'31,19"	72°59'35,89"
3	49°35'32,93"	72°59'46,12"
4	49°35'42,10"	72°59'53,76"
5	49°35'45,57"	72°59'00,11"
6	49°35'45,19"	72°59'22,77"
7	49°35'36,75"	72°59'18,58"
8	49°35'21,58"	72°59'23,49"
9	49°35'13,10"	72°59'15,50"
10	49°35'05,96"	72°59'59,66"
11	49°35'06,81"	72°59'52,96"
12	49°35'11,21"	72°59'45,52"
13	49°35'09,51"	72°59'45,52"
14	49°35'13,47"	72°59'31,67"
15	49°35'20,68"	72°59'32,88"

Жоспарланған қызметтің бастамашысы:

## Вниманию жителей!

ТОО «СП Жетымшоқы» уведомляет о проведении общественных слушаний в форме публичных обсуждений «Плана ликвидации последствий ведения горных работ на месторождении Жетымшоқы» с 07 июля 2026 года.

Территория воздействия: Карагандинская область, Абайский район, посёлок Карабас

Географические координаты участка:

№	Северная широта	Восточная долгота
1.	49°35'28,99"	72°59'32,23"
2.	49°35'31,19"	72°59'35,89"
3.	49°35'32,93"	72°59'46,12"
4.	49°35'42,10"	72°59'53,76"
5.	49°35'45,57"	72°59'00,11"
6.	49°35'45,19"	72°59'22,77"
7.	49°35'36,75"	72°59'18,58"
8.	49°35'21,58"	72°59'23,49"
9.	49°35'13,10"	72°59'15,50"
10.	49°35'05,96"	72°59'59,66"
11.	49°35'06,81"	72°59'52,96"
12.	49°35'11,21"	72°59'45,52"
13.	49°35'09,51"	72°59'45,52"
14.	49°35'13,47"	72°59'31,67"
15.	49°35'20,68"	72°59'32,88"

«СП Жетымшоқы» ЖШС, БСН 100340005399. Өкілдер: Ким Павел Игоревич «СП Жетымшоқы» ЖШС бас инженері, байланыс телефоны: +7-702-222-38-22, эл.пошта: info@zhetymshoky.kz, p.kim@zhetymshoky.kz.

Әзірлеуші: «Қазақмыс корпорациясы» ЖШС Бас жобалау институты, БСН 050140000656. Өкілі: Сүлейменова А.Б., байланыс телефоны: 8 (7172)55 76 72 (ішкі нөм.10557), эл.мекен-жайы: Aizhan.Suleimenova@kazakhmys.kz.

Жоба материалдары келесі сайтта орналастырылған: <https://ndbecology.gov.kz> және <https://ndbecology.gov.kz> сілтеме арқылы олар жарияланған күннен бастап 10 жұмыс күні ішінде ескертулер мен ұсыныстар үшін қолжетімді болады.

Жергілікті атқарушы орган: Қарағанды облысы, Қарағанды к., Лободы көшесі 20, «Қарағанды облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, байланыс тел. 8(7172)56-41-27, эл. мекен-жайы expertiza.upr\_krg@mail.ru.

Жоспарланған қызмет туралы қосымша ақпаратты, қоғамдық тыңдаулар өткізу, сондай-ақ белгіленген қызметке қатысты құжаттардың көшірмелерін Aizhan.Suleimenova@kazakhmys.kz эл.мекен-жайы бойынша және тел. нөм.: 8 (7172)55 76 72 (ішкі нөм.10557) арқылы сұратуға болады.

Инициатор: ТОО «СП Жетымшоқы», БИН 100340005399. Представители: Ким Павел Игоревич., главный инженер ТОО «СП Жетымшоқы», контакты: тел. 8-702-222-38-22, эл.адрес: info@zhetymshoky.kz, p.kim@zhetymshoky.kz.

Разработчик: Головной проектный институт ТОО «Корпорация Казахмыс», БИН 050140000656. Представитель: Сулейменова А.Б., контакты: тел. 8 (7172)55 76 72 (вн.10557), эл.адрес: Aizhan.Suleimenova@kazakhmys.kz.

Материалы проекта размещены на сайте: <https://ndbecology.gov.kz> и будут доступны с даты их размещения для предоставления замечаний и предложений в течение 10 рабочих дней по ссылке <https://ndbecology.gov.kz>.

Местный исполнительный орган: Карагандинская область, г.Караганда, ул.Лободы 20, ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Карагандинской области», контактный тел.:8(7172)56-41-27, эл.адрес: expertiza.upr\_krg@mail.ru.

Дополнительную информацию о намечаемой деятельности, проведении общественных слушаний, а также копии документов, относящихся к намечаемой деятельности можно запросить по эл.адресу Aizhan.Suleimenova@kazakhmys.kz и по номеру телефона 8 (7172)55 76 72 (вн.10557).

## ОБЪЯВЛЕНИЕ

ТОО «Кредитное товарищество Каржыгер», БИН 061240002006, юридический адрес: Карагандинская область, Абайский район, г. Абай, 3 микрорайон, дом 47, офис 17, в соответствии со статьей 27 Закона Республики Казахстан «О товариществах с ограниченной и дополнительной ответственностью» уведомляет о принятом решении об уменьшении уставного капитала.

Согласно Протоколу общего собрания учредителей № 01 от 29 мая 2026 года размер уставного капитала ТОО «Кредитное товарищество Каржыгер» уменьшен со 153 847 997 (ста пятидесяти трех миллионов восьмисот сорока семи тысяч девятисот девяносто семи) тенге до 148 163 997 (ста сорока восьми миллионов ста шестидесяти трех тысяч девятисот девяносто семи) тенге.

Требования кредиторов принимаются в течение одного месяца со дня опубликования настоящего объявления по адресу: г. Караганда, пр. Строителей, д. 28, офис 4.